



ӘЛЕМДІК САЯСАТТЫҢ ЖАҒАНДАНУЫ. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ Жаппай қырып-жою қаруының таралуы





Жаппай қырып-жою қаруын (ЖҚҚ) жасауға мүмкіндік беретін технологиялардың таралуы жаһанданған әлемдегі басты мәселе болып қала береді және халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздік үшін ұзақ мерзімді салдарды қамтиды. ЖҚҚ-ға ядролық, химиялық және биологиялық қару жатады. Сонымен қатар, ғылым мен технологияның дамуы, тиімділігі бойынша ЖҚҚ-ның қазіргі әйгілі түрлерінен кем соқпайтын, тіпті асып түсетін қару-жарақтың жаңа түрлерінің пайда болуына ықпал етті.

АҚШ-тың бірінші атом бомбасын жаруы, яғни әлемде ядролық қарудың алғаш рет жарылуы 1945 жылы Жапонияның екі қаласында (Хиросима және Нагасаки) орын алды және ядролық қарудың жойқын күшін көрсетті. Сол кезден бері ЖҚҚ-да қолданылуы мүмкін технологиялардың көбеюі бүкіл жер шары бойынша таралды, бірақ қаруландыру, яғни қару-жарақтың өзі, оған қарағанда баяу таралды. Ядролық қарудың жалпы саны суық соғыс кезінен бері іс жүзінде қысқартылды.

1945 жылдан бері жаппай қырып-жою қаруларын өндіру мен қолдануға мүмкіндік беретін технология бүкіл әлем бойынша таралды. Алайда қару-жарақтың өзі, оған қарағанда баяу таралды. Мысалы, 1965 жылға қарай, Құрама Штаттардан басқа төрт мемлекет ядролық қаруға сынақ жүргізді: Кеңес Одағы (Ресей), Ұлыбритания, Франция және Қытай. 1968 жылғы Ядролық қару-жарақ таратпау туралы шартқа (ЯҚТШ) сәйкес, осы бес ел ядролық қару-жарағы бар мемлекеттер деп танылды, сондай-ақ олар БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінің тұрақты мүшелері болды. Бүгінгі таңда тек 9 елдің ядролық қаруы бар деп есептеледі: аталған бес мемлекет және Пәкістан, Үндістан, Солтүстік Корея және

Әлемнің ядролық қарулануы

Ядролық технология – бұл ядролық реакциялар, мысалы, ядроларды бөлу мен ядролық синтезді қолданатын технологиялар жиынтығы. Бұл екі түрлі мақсаттағы технологиялар, оның энергия өндірісі немесе қару-жарақ жасау үшін қолданылуы мүмкін екенін көрсетеді. Ядролық реактор жылу түріндегі энергияны шығару үшін тұрақты бақыланатын процесте тізбектік реакцияларды қолданады. Екінші жағынан, ядролық қару, үлкен жарылыс туындатуы мүмкін. Ең ерте шығарылған ядролық қару-жарақ энергияның жоғары санын шығару үшін тізбектік реакцияда атомдарды ыдырататын бөлу қару-жарағы болды. Алайда, 1950 жылдардың ортасына қарай, Құрама Штаттарда және Кеңес Одағында бөлу және синтездеу комбинациясын қолданатын, сутегі атомдарын қысатын және қыздыратын, энергия шығара отырып бірігетін (балқитын) термоядролық қару шығарылды.

Химиялық және биологиялық қару-жарақ ауа, су, адамның терісімен жанасу, азық-түлік және басқа заттар арқылы таралуы мүмкін және көптеген адамға жылдам зақым келтіруі немесе өлтіруі мүмкін. Алайда, химиялық және биологиялық қару-жарақпен байланысты техникалық проблемалар, олардың таралу тарихы және осы қару-жарақтан туындаған қауіп-қатерге қарсы тұруға қажетті шаралар, ядролық қарудан да, бір-бірінен де ерекшеленеді.

ЖҚҚ шектеу

1945 жылы ядролық қаруды бірінші рет қолданғаннан кейін дерлік, мемлекеттер ядролық энергияны бейбіт мақсатта пайдалануға жол беріп, ядролық қарудың жойғыш күштерін шектеу туралы ойлай бастады. 1957 жылы БҰҰ қамқорлығымен Атом қуаты халықаралық агенттігі (АҚХА) құрылды, ол ядролық энергияға байланысты ғылыми және техникалық ақпарат алмасуға ықпал етті. Штаб-пәтері Венада орналасқан. Агенттік БҰҰ жүйесіндегі тәуелсіз үкіметаралық ұйым ретінде құрылды және Ядролық қаруды таратпау туралы шарттың (ЯҚТШ) пайда болуымен оның жұмысы ерекше маңызға ие болды, өйткені ЯҚТШ әрбір қатысушы мемлекетті АҚХА-мен кепілдіктер туралы келісім жасауға міндеттеді.

Таратпау жөніндегі әрекеттер 1960 жылдары, әсіресе 1962 жылғы ракета дағдарысы жоғарғы державаларды ядролық соғысқа жақындатқан кезде жеделдетілді. 1963 жылы Құрама Штаттар, Кеңес Одағы және Ұлыбритания Сынақтарға ішінара тыйым салу туралы шартқа (СТШ) қол қойды, онда ауа, ғарыш немесе су асты сынақтарына емес, жерасты ядролық сынақтарына шектеу қойылды. Франция және Қытай көшбасшылары бұл шартқа қол қоюдан бас тартты, олардың пікірінше, сынақтар ядролық қару-жарақ саласында тәжірибесі бар мемлекеттерге ғана пайда келтіреді. Франция мен Қытай өздерінің алғашқы ядролық қаруын сәйкесінше 1960 және 1964 жылдары сынап көрді.

Алайда ядролық таратпаудың орталық заманауи режимі Ядролық қаруды таратпау шарты (ЯҚТШ) болып табылады. ЖҚҚ таралуына қарсы көптеген шаралар ЯҚТШ-ны қозғайды. ЯҚТШ іс-қимылдарын қарау бойынша 1995 жылғы конференция ядролық қаруды тарату және ЯҚТШ рөліне қатысты ағымдағы мәселелерге арналған болатын. Бірінші проблема – ЯҚТШ-ның әмбебап болмауы. Израиль, Үндістан



Кітап: Әлемдік саясаттың жаһандануы. Халықаралық қатынасқа кіріспе

Дәріс: Жаппай қырып-жою қаруының таралуы

және Пәкістан шартқа ешқашан қол қойған емес; Солтүстік Корея қол қойғанымен, 2003 жылы шығып кетті. 1995 жылы ұзарту туралы келісіммен бірге қабылданған резолюцияда Таяу Шығыстағы барлық мемлекеттерді ЯҚТШ-ға қосылуға шақыру қамтылған, сондай-ақ мемлекеттер Солтүстік Кореяны ЯҚТШ-ға оралуға көндіру үшін жылдар бойы екі жақты және көп жақты негізде жұмыс істеді. Екіншіден, ЯҚТШ-да сақтауды қамтамасыз ету бойынша осал ережелер қамтылған және аймақтық державалардың пікірінше, Иран және Солтүстік Корея сияқты мемлекеттерде таралу проблемасын шешу үшін қосымша келісімдер қажет. Үшіншіден, ЯҚТШ-ға сын айтушылар бұл ұйымды әділетсіз деп атады, өйткені ядролық статус-кво бекітілімі, ядролық қару-жарағы бар бес мемлекетке артықшылықтар ұсынады және оларға ақыр аяғында өздерінің ядролық арсеналынан бас тартуы үшін жеткілікті деңгейде қысым жасамайды.

Оқ - жою (зымыран, бомба және артиллериялық снарядтар) құралдарын бөлігінің атауы, нысанаға соққы арналған.

Радиологиялық қару - жаппай қырып-жоятын қарудың (WMD) түрі, радиоактивті материалдардың иондаушы сәулеленуін таңғыш фактор ретінде пайдалану.